KAZGUU UNIVERSITY

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КОСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ






*Асанов Азамат Ерланович, құқық магистрі, аға оқытушы*

Сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің құқықтық мәртебесі
2. Қазақстан Республикасының Президентін сайлау тәртібі
3. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі
4. Қазақстан Республикасы Президентінің актілері



## 1 СҰРАҚ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

**Республика Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.**

**Ант беру президенттік сайлау қорытындысы жарияланған не Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде өткізіледі.**

**Бұл жағдайларда ант беру күнін Республиканың Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.**

**Ант беру салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың барлық бұрынғы Президенттерінің қатысуымен өткізіледі.**

**Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Президентке Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін, омырауға тағатын белгісін, байрағын және «Алтын қыран» орденін тапсырады.**



**Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Президентке Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін, омырауға тағатын белгісін, байрағын және «Алтын қыран» орденін тапсырады.**





Республика Президенті: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», - деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі.

**Ант беру салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың барлық бұрынғы Президенттерінің қатысуымен өткізіледі.**

## Президенті лауазымында болуға байланысты шектеулер

**Республика Президентінің өкілді органның депутаты болуға,**
**өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға кәсіпкерлік қызметпен айналысуға хақы жоқ.**

**Қазақстан Республикасының Президенті өкілеттігінің ауысуы:**

- Парламент Сенатының Төрағасына ауысады;
- Парламент Мәжілісінің Төрағасына ауысады;
- Премьер-Министріне ауысады.

**Республика Президентінің өкілеттігі тоқтатылады:**

- жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен сәттен бастап;
- Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған немесе кетірілген кезеде;
- ол қайтыс болған жағдайда.

**Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің, қызметінен кетірілгендерден басқасының, Қазақстан Республикасының экс-Президенті деген атағы болады.**

**Республиканың экс-Президенттері құқығы жөнінде өмір бойы Республика Конституциялық Кеңесінің мүшелері болып табылады.**

# 2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ ТӘРТІБІ

**Қазақстан Республикасының Президентін конституциялық заңға сәйкес бес жыл мерзімге сайлайды.**

**Бір тұлға қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды.**

## Президентке қойылатын талаптар:

- Республика Президенті болып тумысынан республика азаматы болып табылатын;
- қырық жасқа толған;
- мемлекеттік тілді еркін меңгерген;
- Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын;
- Республика азаматы сайлана алады.

# 3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ӨКІЛЕТТІГІ

1. Президентінің сыртқы саясаттағы өкілеттігі
2. Республика Президентінің мемлекеттің қорғаныс қабілетін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі
3. Республика Президентінің Парламентке және оның Палатасына қатысты өкілеттігі
4. Республика Президентінің Үкіметке қатысты өкілеттігі
5. Республика Президентінің Конституциялық Кеңеске қатысты өкілеттігі
6. Республика Президентінің соттарға және судьяларға қатысты өкілеттіктері
7. Республика Президентінің прокуратура органдарына қатысты өкілеттігі
8. Республика Президентінің Орталық сайлау комиссиясына қатысты өкілеттігі
9. Республика Президентінің Ұлттық Банкке қатысты өкілеттігі
10. Республика Президентінің Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне қатысты өкілеттігі
11. Республика Президентінің әкімдерге қатысты өкілеттігі
12. Республика Президентінің өзіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға қатысты өкілеттігі
13. Республика Президентінің республикалық референдумға қатысты өкілеттігі

## 4 СҰРАҚ   РЕСПУБЛИКА ПРЕЗИДЕНТІ АКТІЛЕРІНІҢ НЫСАНДАРЫ

**Республика Президентінің актілері:**

**Жарлықтар;**

**Өкімдер;**

**Республика Конституциясының 53-бабының 3) тармақшасында көзделген ретте Президент заңдар шығарады.**

## Республика Президентінің жарлықтары

**Республика Президентінің жарлықтары Республика Конституциясы мен заңдарының негізінде және соларды орындау үшін шығарылады.**

**Республика Президенті шығаратын жарлықтардың ғана нормативтік құқықтық акт күші болады.**

## Республика Президентінің өкімдері

**Республика Президентінің өкімдері Конституцияның, заңдардың және Президент жарлықтарының негізінде және соларды орындау үшін шығарылады.**

**Республика Президенті актілерінің жобаларын дайындауды мыналар жүзеге асырады:**

**1) Президент Әкімшілігі және Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін өзге де мемлекеттік органдар;**

**2) Республика Үкіметі;**

**3) Жоғарғы Сот;**

**4)Үкімет құрамына кірмейтін Республиканың орталық атқарушы органдары;**

**5) Республика Президенті белгілейтін өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар.**

# Назарларыңызға рахмет!